Аннотация. Зерттеу жұмысы Алматы облысындағы «Мерей» шаруа қожалығында оңтүстік қазақ меринос қой тұқымында жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – өндіруші қошқарлардың асыл тұқымдық қасиеттерін ерте жастан алдын ала болжау және ұрпағының өнімділік көрсеткіштері негізінде селекциялық құндылығын анықтау. Қазіргі таңда қой шаруашылығында жоғары өнімді, генетикалық әлеуеті мықты малдарды іріктеу селекциялық жұмыстың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты жас қошқарларды ерте жастан бағалау олардың асыл тұқымдық сапасын тез анықтауға және шаруашылықтағы экономикалық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында 7 айлық жастағы өндіруші қошқарларды аналықтармен ерте шағылыстыру нәтижесінде алынған төлдердің тірілей салмағы, жүн ұзындығы, жүн қырқу, өсу қарқыны және ет өнімділігі зерттелді. Ұрпақтардың 4,5 және 7 айлық жасындағы көрсеткіштері бойынша қошқарлардың селекциялық құндылығы бағаланды. Сонымен қатар қозылардың сойыс шығымы, ұша сапасы, жұмсақ ет пен сүйек арақатынасы, жүн өнімділігі және жүннің технологиялық қасиеттері анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша №101200, №102255 және №205060 қошқарларының ұрпақтары тірілей салмақ, жүн ұзындығы, жүн қырқымы және ет өнімділігі бойынша орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетіп, жақсартушы қошқарлар ретінде танылды. Ал №103099 және №204001 қошқарларының ұрпақтары кейбір өнімділік белгілері бойынша орташа деңгейден төмен болып, бейтарап немесе нашарлатушы топқа жатқызылды. Қозылардың ет өнімділігін бағалау барысында 7 айлық жастағы төлдердің сойыс шығымы мен ұша сапасының жоғары екендігі анықталды. Алынған нәтижелер өндіруші қошқарларды ұрпағының сапасы бойынша ерте бағалау олардың асыл тұқымдық қасиеттерін екі жыл бұрын анықтауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Бұл әдіс селекциялық жұмыстың тиімділігін арттырып, жоғары өнімді малдарды іріктеуді жеделдетуге, сондай-ақ бейтарап және нашарлатушы қошқарларды ұстауға кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: өндіруші қошқарлар, ұрпағының сапасы, бағалау, тірілей салмағы, жүн ұзындығы, жүнді қырқу, сараптау, ерте жастан болжау

Дәйексөз үшін: Жумагалиева Г.М., Сансызбаева Б.Қ., Қадыкен Р., Орақбаева А.Д. (2026). Оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының асыл тұқымдық қасиеттерін ерте жастан алдын ала бағалау//

Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 4. Number 112. Pp. 37–48.
<https://doi.org/10.37884/4-2026/03> [In Kaz.].

Мүдделер қақтығысы: авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Алғыс: Алматы облысындағы «Мерей» шаруа қожалығының ұжымына ғылыми-зерттеулер аясында оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының тірілей салмақтарын өлшеуге мүмкіндік жасап қол ұшын бергендеріне алғысымызды білдіреміз.

Г.М. Жумағалиева, Б.Қ. Сансызбаева, Р. Қадыкен, А.Д. Орақбаева*

Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан.

E-mail.ru: ainura_manat@mail.ru

РАННЯЯ ПРЕДВАРИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА ПЛЕМЕННЫХ КАЧЕСТВ ОВЕЦ ЮЖНО-КАЗАХСКОЙ МЕРИНОСНОЙ ПОРОДЫ

Жумағалиева Гулшад Махамбетовна, PhD, старший преподаватель, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, Алатауский район, мкр. Дарабоз, дом 43, кв. 71

E-mail: zhumagalieva.g@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8747-6850>;

Қадыкен Ризабек, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор кафедры Зооинженерия и биотехнология. Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

E-mail: duisen8888@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-1515-3002>;

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы, PhD, ассистент, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, ул. Наурызбай батыр, 125

E-mail: ainura_manat@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6938-6613>;

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы, PhD старший преподаватель, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, мкр. Аккент

E-mail: Bibigul19_93@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-2602-8925>.

Аннотация. Исследование проведено в крестьянском хозяйстве «Мерей» Алматинской области на овцах южно-казахской мериносной породы. Основной целью работы являлось раннее прогнозирование племенных качеств баранов-производителей и определение их селекционной ценности на основе продуктивных показателей потомства. В современных условиях овцеводства отбор высокопродуктивных животных с высоким генетическим потенциалом является одним из важнейших направлений селекционной работы. В связи с этим ранняя оценка молодых баранов позволяет своевременно определить их племенную ценность и повысить экономическую эффективность хозяйства. В ходе исследований изучались показатели живой массы, длины шерсти, настрига шерсти, интенсивности роста и мясной продуктивности потомства, полученного от использования баранов в возрасте 7 месяцев при ранней случке с матками. Селекционная ценность баранов оценивалась по показателям потомства в возрасте 4,5 и 7 месяцев. Кроме того, были определены убойный выход, качество туш, соотношение мякоти и костей, шерстная продуктивность и технологические свойства шерсти. Результаты исследований показали, что потомство баранов №101200, №102255 и №205060 превосходило средние показатели по живой массе, длине шерсти, настригу шерсти и мясной продуктивности, в связи с чем они были отнесены к категории баранов-улучшателей. Потомство баранов №103099 и №204001 по ряду продуктивных признаков оказалось ниже среднего уровня и было отнесено к нейтральной или ухудшающей группе. Оценка мясной продуктивности ягнят показала, что животные в возрасте 7 месяцев характеризуются высоким убойным выходом и хорошими качественными показателями туши. Полученные результаты свидетельствуют о том, что ранняя оценка баранов по качеству потомства позволяет определить их племенные качества на два года раньше. Данный метод способствует повышению эффективности селекционной работы, ускорению отбора высокопродуктивных животных и снижению затрат на содержание нейтральных и ухудшающих баранов.

Ключевые слова: южно-казахский меринос, бараны-производители, селекция, качество потомства, живая масса, длина шерсти, настриг шерсти, мясная продуктивность, убойный выход, ранняя

оценка

Для цитирования: Жумагалиева Г.М., Сансызбаева Б.Қ., Қадыкен Р., Орақбаева А.Д. (2026). Ранняя предварительная оценка племенных качеств овец южно-казахской мериносной породы // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Vol. 28. Is. 4. Number 112. Pp. 37–48. <https://doi.org/10.37884/4-2026/03> [In Kaz.].

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

Оңтүстік қазақ меринос қойлары Қазақстанның оңтүстігіндегі қатаң континенттік климат жағдайларына жақсы бейімделген және жоғары өміршеңдігімен, сондай-ақ ет пен жүн өнімділігінің жеткілікті жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығы экономикасында басқарудың жаңа нысандарын дамыту нарықтық экономиканың негізгі талаптарының бірі болып табылады [Alpamysova және т.б., 2026]. Бұл жерде нарық заңдарына сәйкес еркін кәсіпкерлік нысаны ретінде тиімді жұмыс істей алатын фермерлік, шаруа қожалықтары мен кооперативтік құрылымдардың қалыптасуы туралы сөз болып отыр. Атап өткендей, жеке (шаруа) және кооперативтік шаруашылықтар өзін-өзі реттеу қағидаттары негізінде жұмыс істейді және басқа өндірушілермен бәсекелестікке түседі. Алайда мұның барлығы қой шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиялары мен әдістері жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізделген дәлелдермен қамтамасыз етілген жағдайда ғана мүмкін болады [Омбаев және т.б., 2025].

Республикада қой шаруашылығын табысты дамытудың перспективалы бағыты – селекция мәселелері, технология, көбею биотехнологиясы және агробиологиялық өндіріс салаларындағы ғылыми зерттеулерге негізделген өндірісті интенсификациялау екенін атап өтті [Орақбаева және т.б., 2023].

Өнімнің жоғары сапасы нарықтық жағдайларда бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің негізгі жолы екенін көрсетеді. Осыған байланысты қазіргі кезеңде қой шаруашылығын дамытудың басты бағыттары нарық конъюнктурасына сәйкес негізгі өнімдерге – қозы еті, жүн, құйрық майы, қой терісі және қой сүтіне – бағдарлануы тиіс, бұл өз кезегінде өндірістің жекелеген бағыттарына басымдық беруге мүмкіндік береді [Mukanova және т.б., 2024].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жылдық Жолдауында «ҚазАгро»-ның негізгі міндеті – ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру мәселелерін жүйелі түрде шешу, барлық салалар бойынша сапалы талдау жасау және алдымен дамытуды қажет ететін секторларды анықтау болып табылады. Солардың бірі – әлемде қарқынды өсіп келе жатқан, экологиялық таза аймақта табиғи жеммен өндірілген ауыл шаруашылығы экологиялық өнімдері мен шикізат нарығы, бұл жағдай Қазақстан Республикасының аумағына сәйкес келеді [Islamov және т.б., 2021].

Соңғы жылдары өндіруші қосқарларды олардың қозы ұрпақтарының өсуі мен ет сапасы көрсеткіштерін салыстыра отырып бағалады. Бұрынғы әдістер бойынша бағалау олардың селекциялық құндылығын анықтау үшін қажетті уақытты ұзартады, сонымен қатар сынақтан өткізілмеген өндіруші қосқарларды ұстап тұру өнімдердің нарықтағы бағасын арттыруға әкелуі мүмкін [Torekhanov және т.б., 2021].

Қосқарларды дұрыс бағаламау табынның селекциялық құндылығына да теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан өндіруші қосқарлардың селекциялық және өнімдік қасиеттерін ерте бағалау әдістерін қолдану арқылы алдын ала бағалау жүргізу – практикалық маңызы зор өзекті мәселе болып отыр [Iskakov және т.б., 2017].

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Оңтүстік қазақ меринос қойларының жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға бейімделу ерекшеліктерін ескере отырып, өндіруші қосқарлардың селекциялық құндылығын олардың ұрпақтарының өсу қарқыны, ет өнімділігі және ет сапасының негізгі көрсеткіштері негізінде ерте бағалаудың ғылыми-әдістемелік тәсілдерін жетілдірумен айқындалады. Зерттеу барысында өндіруші қосқарлардың тұқымдық және өнімділік қасиеттері мен олардың ұрпақтарының шаруашылыққа пайдалы белгілері арасындағы байланыстарды анықтау арқылы селекциялық іріктеудің тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми негіздер ұсынылады [Islamov және т.б., 2018.] Сонымен қатар, алынған нәтижелер Оңтүстік қазақ меринос қойларының ет-жүн бағытындағы өнімділігін арттыруға, жоғары генетикалық әлеуеті бар өндіруші қосқарларды ерте кезеңде анықтауға және отардың селекциялық сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін практикалық ұсыныстарды әзірлеуге негіз болады.

Жұмыстың мақсаты – өндіруші қосқарларды олардың ұрпақтарының сапасына қарап сынау,

себебі ұрпақ сапасы олардың селекциялық қасиеттерін бағалаудың негізгі критерийі болып табылады.

Әдістемелер мен материалдар.

Осы зерттеу үшін Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Мерей шаруа қожалығы Оңтүстік қазақ меринос қойлары пайдаланылды. Зерттеу кезеңі – 2022–2025 жылдар.

Бастапқы қошқарлар мен аналықтардың өнімдік сапасы ретінде келесі көрсеткіштер зерттелді тірі салмақ, жүн түсімі, жүн ұзындығы, сойыс салмағы мен сойыс шығымы, сондай-ақ ерте жаста (7 ай) қошқарлардан алынған ұрпақтың классикалық құрамын бағалау. Тірілей салмағы қой тұқымдарын өсіру негіздерімен жіктеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, ал тәжірибелік жас малдардың салыстырмалы тірілей салмағы жасына қарай тұрақты орнатылған таразыда 5 кг дәлдікпен өлшеніп, анықталды. Мал күйі союға дейін аштық мерзімінен кейін және сойғаннан кейін МЕМСТ стандарттар талабына сәйкес анықталды. Құйрықсыз суытылған ұшаны сүйектен тажыратудың қорытындысы бойынша, морфологиялық құрамы мен еттілік коэффициенті анықталды. Алынған нәтижелер мен зоотехникалық деректерді стабелгіленген тистикалық өңдеу Н.А. Плохинскийдің стандартты әдістемесі бойынша және Microsoft Excel 2010 бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Орташа арифметикалық көрсеткіш пен оның кателігі ($X \pm x_m$) – жалпыланған статистикалық параметр немесе түрленген белгілердің орташа деңгейінің статистикалық сипаттамасы болып саналады. Әр аттас белгілердің өзгергіштігін салыстыру үшін және әртүрлі жиынтықтың бір аттас белгілерінің өзгергіштік деңгейін білу үшін өзгергіштік коэффициентін (C_v , %) пайдаланылды. Сапалық белгілердің өзгергіштік шамасын стандарттық ауытқу (σ) көмегі формуласы бойынша анықталды.

Нәтижелер және талқылау.

Биязы жүнді қойлар арасында кейбір тұқымдардың дене салмағы аз болады – мысалы, Грозный тұқымына жататын аналықтардың орташа дене салмағы небәрі 49–54 кг құрайды. Алайда, көптеген тұқымдар (Кавказ, Асканиян, Алтай және т.б.) үлкен салмақпен сипатталады; аналықтардың орташа салмағы 61–65 кг-ға жетеді. Сонымен бірге, әр тұқым мен әр табында жануарлардың өлшемі мен тірі салмағы бойынша айтарлықтай өзгергіштік байқалады. Кейбір авторлардың мәліметтері бойынша қойлардың тірі салмағының мұрагерлік коэффициенті 36–54 % аралығында өзгереді. Бұл бағытта сәтті селекция жүргізу мүмкіндігінің бар екенін көрсетеді.

Тірі салмақтың артуы оның жетілу мерзімі мен дене салмағының өсуімен қатар жүруі өте маңызды, себебі бұл жануардың максималды тірі салмағына ерте жаста жетуіне мүмкіндік береді. Тіпті жүн өнімділігі басты мәнге ие тұқымдар үшін де ерте жетілу артықшылық береді, себебі бұл етті жас жануарда сату мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тірі салмақтың мұрагерлік көрсеткіштері тұқым ерекшеліктеріне және жануарлардың жасына байланысты едәуір өзгереді. Әрине, қоршаған орта жағдайлары, әсіресе қоректендіру деңгейі, жұқа жүнді қой табындарындағы осы қасиеттің генотиптік әртүрлілігінің көрінуіне айтарлықтай әсер етеді [Жумагалиева және т.б., 2014].

Қошқарлармен 7 айлық жастағы қосылған аналықтардан алынған қозылардың тірі салмағы талаптарға сәйкес келеді. 2022–2025 жылдары Алматы облысы, Қазығұрт ауданы, «Шарбулақ» өндірістік кооперативінде 800 қозыны талдау негізінде жас қошқарлар топтары бойынша тірі салмақ айырмашылығы тиісінше 0,7–2,2 % кем және 1,4–2,0 % артық деп бағаланды; артықшылығы $P > 0,95$ деңгейінде сенімді, яғни алғашқы сенімділік шегінен жоғары.

Тірі салмақтың өсуі – өсуінің жеке көрсеткіші болып табылады. Біздің зерттеулер көрсеткендей, туғаннан 4,5 айға дейінгі кезеңде аналықтардың абсолюттік өсуі 26,14 кг, салыстырмалы өсуі 825,2 % болса, қошқарлар үшін бұл көрсеткіштер тиісінше 26,54 кг және 764,8 % болды. Бұл мәліметтер жас қошқарларда абсолюттік өсу ең жоғары болғанымен, салыстырмалы өсу 61,4 % кем екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жас аналықтардың топтық орташа тәуліктік қосындысы 280,8 г болса, жас қошқарлар тобында 204,5 г болды.

Жыныс бойынша тірі салмақ айырмашылығы зерттеулерімен расталады. Қошқарлардың аналықтарға қарағанда үлкен болуы және туғаннан 5–6 айға дейінгі кезеңдегі айырмашылық олардың пайдасына елеулі әсер етеді [Zhmagaliyeva және т.б., 2015].

1-кестеде 4,5 айлық жастағы төлдердің тірі салмағы бойынша мәліметтер келтірілген. Зерттеу нәтижелері бойынша №101200, №102255 және №205060 қошқарларынан алынған ұрпақтардың тірі салмағы топтың орташа көрсеткішінен 1,7–3,9 %-ға жоғары болды. Ал №103099 және №204001 қошқарларынан алынған төлдердің тірі салмағы орташа мәннен 2,4–4,5 %-ға төмен екені анықталды. Егер жүргізілген статистикалық өңдеу нәтижесінде $p < 0,05$ болса, бұл айырмашылықтар статистика-

лық тұрғыдан маңызды деп есептеледі.

Кесте 1. 4,5 айлық кезінде ұрпақтарының сапасына тексерілген қошқарлардан алынған төлдердің тірі салмағы

№	Қошқарлардың жеке нөмері	Тірілей салмағы, кг	
		4,5 айлық жасында	
		Жас қойлар, n=150	Жас қошқарлар n=150
1	101200	31,38±0,63	32,79±0,47
2	102255	30,83±0,66	32,23±0,53
3	103099	30,14±0,63	31,43±0,57
4	204001	29,43±0,48	29,54±0,57
5	205060	31,89±0,64	33,23±0,51
	Орташа алғанда	30,81±0,27	31,75±0,21

Жас қошқарлар арасында да ұқсас үрдіс байқалды: №101200, №102255 және №205060 қошқарларының ұрпақтары орташа көрсеткіштен 1,5–4,1 %-ға жоғары, ал №103099 және №204001 қошқарларының ұрпақтары 1,0–7,5 %-ға төмен болды. Бұл нәтижелер аталған қошқарлардың ұрпағына қарай өнімділік қасиеттерінің әртүрлі деңгейде тұқым қуалайтынын көрсетеді. №101200, №102255 және №205060 қошқарлары жақсартушы (improver), ал №103099 және №204001 қошқарлары нашарлатушы (degrader) ретінде бағаланды.

Туғаннан 7 айлық жасқа дейін аналық төлдердің абсолюттік салмақ қосуы 32,89 кг, орташа тәуліктік салмақ қосуы 156,7 г, салыстырмалы өсуі 992,3 % болды. Жас қошқарларда бұл көрсеткіштер тиісінше 33,88 кг, 161,4 г және 925,3 %-ды құрады. Абсолюттік және орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері бойынша жас қошқарлардың өсу қарқыны аналықтарға қарағанда жоғары болды.

Сүттен айырғаннан кейінгі 7 айлық жасқа дейінгі кезеңде аналық төлдердің абсолюттік салмақ қосуы 5,77 кг, орташа тәуліктік салмақ қосуы 82,4 г және салыстырмалы өсуі 118,8 % болса, жас қошқарларда бұл көрсеткіштер тиісінше 6,15 кг, 87,9 г және 119,2 %-ды құрады. Бұл кезеңде жас қошқарлардың өсу қарқыны аналықтарға қарағанда біршама жоғары болғаны байқалды. Егер айырмашылықтар бойынша статистикалық өңдеу нәтижесінде $p < 0,05$ анықталса, олар статистикалық тұрғыдан маңызды деп есептеледі.

Кесте 2. 7 айлық кезінде ұрпақтарының сапасына тексерілген қошқарлардан алынған төлдердің тірі салмағы

№	Қошқарлардың жеке нөмері	Тірілей салмағы, кг	
		7 айлық жасында	
		Жас қойлар, n=137	Жас қошқарлар n=137
1	101200	38,04±0,76	38,84±0,53
2	102255	37,48±0,85	38,28±0,51
3	103099	36,34±0,87	36,92±0,53
4	204001	35,68±0,71	37,51±0,65
5	205060	37,93±0,72	38,42±0,42
	Орташа алғанда	36,56±0,25	37,98±0,25

Кесте 2 ерте жаста сынақтан өткен қошқарлардан алынған қозылардың тірі салмағын көрсетеді. Бұл мәліметтер бойынша қошқар №101200, 205060 және 102255 жақсартушы (improver) болып саналады, олардың көрсеткіштері орташа мәннен 2,4–4,1 % жоғары болды, айырмашылықтың сенімділігі $P > 0,95$ деңгейінде, яғни алғашқы сенімділік шегінен жоғары. Ал қошқар №103099 және 204001 ұрпақтары орташа мәннен 0,7–2,8 % төмен болды.

Бұл дегеніміз, қошқарларды аналықтармен ерте қосу олардың селекциялық қасиеттерін алдын ала болжауға мүмкіндік береді және қай қошқарлардың жақсартушы, бейтарап немесе нашарлатушы екенін анықтауға болады. Біздің зерттеу нәтижелері бойынша тірі салмақ көрсеткіші бойынша қошқар №101200, 205060 және 102255 жақсартушы, қошқар №103099 бейтарап, ал қошқар №204001 нашарлатушы болып шықты.

Жүн ұзындығы. Жүннің негізгі техникалық сипаттамаларына мыналар жатады: ұзындығы, жіңішкелігі, біркелкілігі, иілуі, беріктігі, созылғыштығы, серпімділігі, икемділігі, түсі және жылтырлығы. Олардың көбісі жүн сапасын анықтаудың негізін құрап, жануарларды іріктеу және ассортименттеу кезінде маңызды көрсеткіш болып қызмет етеді.

Басқа көрсеткіштермен қатар, жүн ұзындығы өндірісте қолдану кезінде оның құны мен тағайындалуын анықтайды. Ұзын талшықтарды иіргенде талшықтардың бірнеше рет қиылысуынан күшті қысым пайда болып, талшықтардың бір-біріне жақсы жабысып, жіп тығыз болады. Ұзын талшықтар ең нәзік жіп алу мүмкіндігін береді [Медеубеков және т.б., 2000].

Өлшеу әдістеріне байланысты жүннің табиғи ұзындығы мен нақты ұзындығы ажыратылады. Табиғи ұзындық деп талшықтардың шоқ немесе бөренелердегі, өздерінің табиғи иілуімен (тортуоздылығымен) өлшенген ұзындығын айтамыз. Қойларды бағалау немесе жүнді жіктеу кезінде шоқ пен бөренелердің тереңдігі мен ұзындығы 0,5 см дәлдікпен төменнен жоғарыға өлшенеді.

Жүннің нақты ұзындығы – талшықтарды созбай, тек түзеген кездегі ұзындығы. Оны анықтау үшін әртүрлі жерлерден алынған үлгідегі жүн алынып, әр талшықты созбай, бұралусыз түзеп, 1 мм дәлдікпен өлшейді. Зоотехникалық жұмыстарда тек табиғи ұзындық қолданылады, ал өнеркәсіпте табиғи және нақты ұзындық екеуі де есепке алынады [Lachari және т.б., 2013].

Кесте 3. 4,5 айлық кезінде ұрпақтарының сапасымен тексерілген қошқарлардан алынған жүннің ұзындығы.

№	Қошқарлардың нөмері	Тірілей салмағы, кг	
		Анасынан айырғанда	
		Жас қойлар, n=150	Жас қойлар, n=150
1	101200	3,03 ± 0,14	3,48 ± 0,07
2	102255	3,44 ± 0,12	3,64 ± 0,14
3	103099	2,46 ± 0,17	2,84 ± 0,03
4	204001	2,78 ± 0,14	3,37 ± 0,02
5	205060	3,74 ± 0,13	3,75 ± 0,12

3-кестеде аналықтардың сауыттан айрылған кездегі жүн ұзындығын көрсетеді, оның орташа мәні 2,88 см құрайды. Қошқарлар №101200, 102255, 205060 ұрпақтары бұл көрсеткіштен 4,8–28,4 % жоғары болып, $P > 0,95$ және $P > 0,99$ деңгейінде сенімді екенін көрсетеді. Ал қошқарлар №103099, 204001 ұрпақтары орташа мәннен 4,1–17,4 % төмен болды.

Қошқарлар тобы бойынша жүннің орташа ұзындығы 3,37 см болды; қошқарлар №101200, 102255, 205060 ұрпақтарындағы артықшылық 3,1–11,3 % аралығында, $P > 0,95$ және $P > 0,99$ деңгейінде сенімді. Қошқар №103099 ұрпақтары орташа мәннен 18,7 % төмен болса, қошқар №204001 ұрпақтары орташа мәнге тең болды.

Бұл мәліметтер қошқар №101200, 102255, 205060 жақсартушы, қошқар №103099 нашарлатушы, ал қошқар №204001 бейтарап екенін көрсетеді.

Кесте 4. 7 айлық кезінде ұрпақтарының сапасымен тексерілген қошқарлардан алынған жүннің ұзындығы.

№	Қошқарлардың нөмері	Жүннің ұзындығы, см	
		7 айлық	
		Жас қойлар, n=125	Жас қошқарлар, n=125
1	101200	5,58±0,14	6,03±0,05
2	102255	5,32±0,12	5,42±0,06
3	103099	4,08±0,13	4,54±0,12
4	204001	4,70±0,11	5,38±0,04
5	205060	5,38±0,11	6,16±0,12
	Орташа алғанда	5,02±0,07	5,32±0,04

4-кестеде 7 айлық аналықтар тобында жүн ұзындығының орташа мәні 5,01 см екенін көрсетеді. Қошқарлар №101200, 102255, 205060 ұрпақтары осы көрсеткіштен 5,9–11,6 % жоғары болып, $P > 0,95$

және $P > 0,99$ деңгейінде сенімді. Ал қошқарлар №103099, 204001 ұрпақтары 6,4–22,6 % төмен болды.

Жүн ұзындығын жас қошқарлар тобында өлшеу де сол бағытты көрсетті: қошқарлар №101200, 102255, 205060 ұрпақтарындағы артықшылық 2,4–13,7 % аралығында, $P > 0,95$ және $P > 0,99$ деңгейінде сенімді. Қошқар №103099 ұрпақтары орташа мәннен 17,3 % төмен болса, қошқар №204001 ұрпақтары орташа мәннен 1,3 % жоғары болды.

Көрсетілген қасиет бойынша екі топта да (аналықтар мен жас қошқарлар) қошқарлар №101200, 102255, 205060 жақсартушы (improver), қошқар №103099 нашарлатушы (depriver), ал қошқар №204001 бейтарап (neutral) болып саналады.

Жүн ұзындығы – жүн жинау кезінде негізгі параметрлердің бірі. Аналықтар тобы үшін жүн ұзындығының абсолюттік өсуі орташа 2,14 см болып, салыстырмалы өсу 218,7 % құрады, ал жас қошқарлар тобында абсолюттік өсу 1,92 см, салыстырмалы өсу 274,7 % болды. Бұл жас қошқарлар арасында қарқынды өсу 57 % жоғары екенін көрсетеді.

Жүн қырку. Зерттеулер көрсеткендей, жүн жинау жұқа жүнді қойлардың негізгі өнімділігін сипаттайды. Жүн жинау екі көрсеткішпен сипатталады: физикалық (шашылған жүн) және жуғаннан кейінгі жүн. Жуғаннан кейінгі жүн ең құнды болып есептеледі және қойларды іріктеу кезінде үлкен маңызға ие [Бегімқұл, 2012].

Қойдан алынған жүн құрамында жүн талшықтары, майлар, шаң және басқа да бөгде қоспалар болады. Мұндай жүннің салмағы бастапқы салмақ деп аталады, ал қырқылған жүн – жүн қырку деп аталады. Жүн жинаудың мөлшері жүннің ұзындығына, тығыздығына, жұқалығына, жасына, жынысына және қырку уақытына байланысты өзгереді. Қойлардың өнімділігін анықтау үшін таза (жуған) жүннің салмағы өлшенуі қажет. Жуғаннан кейін алынған жүннің салмағы бастапқы жүннің салмағының пайызы ретінде есептеліп, таза жүн шығымы деп аталады [Бегімбеков және т.б., 2015].

Кесте 5. 7 айлық кезінде ұрпақтарының сапасына тексерілген қошқарлардың жүнін қырку.

№	Қошқарлардың нөмерлері	Жүн қырку, кг	
		7 айлық қозылардың жүні	
		Жас қой, n=14	Жас қошқар, n=14
1	101200	2,51±0,12	2,53±0,11
2	102255	2,53±0,11	2,61±0,13
3	103099	2,32±0,06	2,35±0,09
4	204001	2,24±0,07	2,27±0,05
5	205060	2,62±0,07	2,73±0,04
Орташа алғанда		2,43±0,03	2,51±0,02

Жіңішке жүнді қойлардың жүн жинау көрсеткіштері – өнімділікті бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. 5-кестедегі деректерге сәйкес, 7 айлық жастағы қошқарлардың және қозылардың топтарында:

№101200, №102255, №205060 қошқарлардың ұрпақтары орташа көрсеткіштен 2,4–9,6 % артық жүн беріп, статистикалық маңыздылыққа сәйкес $P > 0,95$ және $P > 0,99$ деңгейінде болды.

Ал, №103099 және №204001 қошқарлардың ұрпақтары орташа көрсеткіштен 5,7–9,8 % төмен болды.

Бұл көрсетеді, яғни №101200, №102255, №205060 қошқарлары жүн өндіру қабілетін арттыратын жақсартушы қошқарлар болып табылады, ал №103099 және №204001 қошқарлары көрсеткішті төмендететін нашарлатушы қошқарлар саналады.

Тәжірибедегі қозылардың ет өнімділігі сойылымға дейінгі тірілей салмағын, малдың қондылық дәрежесін және ұшасын, сойыс салмағы және сойыс шығымын, сорттарын және ұшаның морфологиялық құрамын жасына қарай енесінен сүттен ажыратқанда және жазғы жайылымнан кейін жеті айлығындағы жұмсақ етінің химиялық құрамының көрсеткіштерін анықтау арқылы бағаланды.

Жоғарыдағы кестедегі көрсеткіштерді талдасақ, сояр алдындағы тірідей салмағы егіз қозылардың төртжарым және жеті айлығындағы жаста жалқы қозыға қарағанда 3,3 және 3,1 кг, немесе 10,6 және 6,8 %, жеңіл болды ($P < 0,999$). Егіз қозылардың ұшасының салмағы 4,5 және 7 айлығында жалқы қозыларға қарағанда соған сәйкес 2,3 және 1,7 кг немесе 13,2 және 8,1 % төмен болды ($P < 0,99$ және

$P < 0,95$). Егіз қозыда жалқыға қарағанда 4,5-айлық жасындағы сойыс шығымы төмен, ал 7 айлығында оларда онша айырмашылық болмады. Малдың ет өнімділік көрсеткіштері 4,5-айлық жасында ұшасының тауарлық түрі жеткілікті дәрежеде жақсы, бірақ майының толығыуы шамалы болды.

Кесте 6. Қозыларды бақылау сою қорытындысы.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	4,5-айлық (n=3)	7-айлық (n=3)		
		жалқы	егіз	жалқы	егіз
Сояр алдындағы тірілей салмағы	кг	34,3±0,36	31,0±0,05	48,8±0,36	45,70,13
Ұшаның салмағы	кг	14,6±0,33	12,3±0,05	22,6±0,40	20,9±0,40
Іш майы	кг	0,50±0,08	0,46±0,07	0,64±0,05	0,60±0,05
Құйрық май салмағы	кг	2,8±0,20	2,4±0,08	3,2±0,14	3,0±0,21
Сойыс шығымы	%	44,0±0,43	42,4±0,30	47,6±0,57	47,0±0,57

Осы жаста тоқты қошқардың ұшасының күй дәрежесі 7596–81 МемСТ-қа байланысты орташа дәрежеге жатқызылды. Тоқты қошқарлардың 8-айлық жасында ұшасының бұлшық еті жақсы дамыды, майы шамалы толды және күйі жағынан орташа жоғары дәрежеге жатқызылды. Ұшадағы еттің әр түрлі сорттарының шығымы ғылыми және тәжірибелілігі жағынан белгілі бір қызығушылық туғызады. Еттің өнімділігін зерттеуде малдардың ұшасының жеуге жарайтын бөлшек еттерінің, сүйек салмағының және тарамыс сіңірлеріне қатынасын білу аса маңызды. Бұл қатынастар олардың белгілі өнімділік бағытына, жекешелеген ерекшеліктеріне малдың жасына және тұқымына, туылғандағы типтік түріне ж.б. ықпалдарға байланысты екені белгілі. Тәжірибедегі қозылардың ұшасының шабылу қорытындысы және олардың жұмсақ етімен сүйегінің (еттілік коэффициенті) қатынастары 3 кестеде келтірілген. Қозылардың ұшасын бөлшектеп шауып, ұлпаларды ажыратқанда жұмсақ ет шығымының, сіңірінің, сүйегінің және олардың қатынастарында айта қоярлықтай айырмашылық байқалған жоқ. Еттің химиялық құрамының көрсеткіштерін талдағанымызда, екі топтағы қозылардың 4,5-айлық жасында көбірек су және белок болғаны, ал 7-айлық жасында олардың төмендейтіні анықталды.

Кесте 7. Қозының ұшасының шабылғандағы қорытындысы (5111–55 МемСТ).

Көрсеткіш	Ө. бірлігі	4,5-айлығында	7-айлығында		
		жалқы	егіз	жалқы	егіз
Ұшаның салмағы	кг	14,57±0,33	12,9±0,05	22,62±0,40	20,9±0,40
Жұмсақ ет салмағы	кг	10,84±0,14	9,56±0,06	16,95±0,22	15,9±0,15
Жұмсақ ет пайызы	%	74,4±0,05	74,14±0,56	74,95±0,54	73,49±0,35
Сүйек салмағы	кг	3,73±0,15	3,31±0,11	5,67±0,23	5,40±0,12
Тарамыс сіңірлер	%	25,6±0,09	25,86±0,08	25,05±0,54	26,51±0,56
Еттілік коэффициенті	бірлік	2,91	2,89	2,99	2,94

Құрғақ зат көрсеткіші керісінше, жасына қарай көбейіп, етінің қаттылығын жоғарылады, ал 4,5-айлық қозының етінде көбірек су болғандықтан және жұмсақ етінің жіңішке талшық және жұмсақ бөлігіне қатынасы оны жұғымды етеді. Сол себептен бақылауға сойылған жалқы және егіз тоқты қошқарлар жасына қарай 4,5 және 7 айлығында, яғни сойыс шығымы, 1-ші және 2-ші сортты ет шығымы, жұмсақ етінде және химиялық құрамында маңызды айырмашылықтар анықталынды. Егіз қозылы аналық саулықтардан туған қозыларда ет көрсеткіштері жоғары болды, сол себептен бір ана саулықтарға есептегенде екі есе көп ет алынды, яғни экономикалық жағынан тиімді болып есептелді.

Малды мүшелеп сойып реттеу қазақ халқының ежелден баламасы жоқ дәстүр болып қалыптасқанымен стандарт жоқ. Мүшелеп сойылған қой малының әр мүшесінің салмағынан қанша пайыз шығатынын келтірдік. Сойылған қойлардың ұшасы қанағаттанарлықтай жағдайда болды (4-кесте). Бұлшық еттері жетілген, мойын, кеуде және белдеме омыртқаларының сабақтары бұлшық еттің астында жасырылған, құйымшақтың, жамбастың сыртқы беті май пердесімен тұтас жабылған, төстегі майының қалыңдығы 1–1,5 см жетеді.

Қой ұшасының мүшелік маңызы зор. Әлі, сол кеңес заманынан бері келе жатқан балтамен шабу нұсқауларынан шыға алмай жүрміз 5111–55 МемСТ және 1935–55 МемСТ орнына өзіміздің отандық стандарт шығаруға болады. Ұшадағы мүшелерді маңызына және оның ет шығымына байланысты үш

сортқа бөлуге болады. Мысалы: бірінші сортқа екі жамбас (11,78 %), екі ортан жілік (8,52 %), екі асықты жілікті (10,48 %), белдемені (6,71 %), екі сүбені (13,36 %), екі жауырынды (7,53 %) және құйрықты (12,33 %) жатқызсақ, яғни 70,98%-ға теңеледі. Сондай ақ екінші сортқа омыртқаны (5,83 %), төсті (5,20 %), екі тоқпан жілікті яғни ұшаның 15,71 %-на жатады. Ал үшінші сорттың үлесіне мойын (6,78 %), екі кәрі жілік (4,70 %) және құйымшақ (1,83 %), яғни 13,31 % тиеді.

Кесте 8. Қой ұшасының мүше шығымы 7-айлығында.

Мүшелер	Оң жағы	Сол жағы	Тұтас				
	кг	%	кг	%	саны	кг	%
Қол, оның ішінде	2,13±0,05	8,43	2,14±0,07	8,48	2	4,27±0,09	16,91
«кәрі жілік»	0,58±0,07	2,31	0,60±0,03	2,39	2	1,18±0,05	4,70
«тоқпан жілік»	0,59±0,02	2,32	0,50±0,04	2,36	2	1,19±0,03	4,68
«жауырын»	0,96±0,02	3,80	0,94±0,03	3,73	2	1,90±0,03	7,53
Төс	-	-	-	-	1	1,31±0,05	5,20
Сүбе	1,75±0,06	6,93	1,69±0,06	6,70	2	3,45±0,06	13,63
Мойын	-	-	-	-	1	1,71±0,07	6,78
Омыртқа	-	-	-	-	1	1,47±0,03	5,83
Белдеме	-	-	-	-	1	1,70±0,06	6,71
Құйрық	-	-	-	-	1	3,12±0,10	12,33
Сан, оның ішінде	3,87±0,07	15,31	3,91±0,05	15,47	2	7,78±0,11	30,78
«асықты жілік	1,32±0,03	5,21	1,33±0,06	5,27	2	2,65±0,04	10,48
«ортан жілік»	1,08±0,03	4,27	1,07±0,03	4,25	2	2,15±0,03	8,52
«жамбас»	1,47±0,04	5,83	1,51±0,06	5,95	2	2,98±0,05	11,78
Құйымшақ	-	-	-	-	1	0,46±0,09	1,83
Барлық еті						25,27±0,32	100,0
Іш майы						0,90±0,06	-
Барлық етімен майы						26,17±0,53	-
Тірі салмағы						50,56±0,68	-
Ет май шығымы					20	50,30±0,21	-

Келешекте осы ұсыныстар егжей-текжей сарапталып өмір сұранысымен өндіріс талабына сай жүзеге асырылса.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Оңтүстік қазақ меринос қойы тұқымының өндіруші қошқарларын ерте жастан бағалау селекциялық жұмыстың тиімділігін арттыруда маңызды әдіс екендігі анықталды. Қошқарларды 7 айлық жаста аналықтармен шағылыстыру және олардың ұрпақтарының 4,5–7 айлық кезеңдегі тірілей салмағы, жүн ұзындығы, жүн қырқымы мен ет өнімділігі көрсеткіштері бойынша бағалау арқылы асыл тұқымдық сапаларын алдын ала дәл болжауға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Зерттеу барысында №101200, №102255 және №205060 қошқарларының ұрпақтары тірілей салмақ, жүн ұзындығы және жүн қырқымы көрсеткіштері бойынша орташа деңгейден жоғары нәтиже көрсетіп, жақсартушы қошқарлар ретінде танылды. Ал №103099 және №204001 қошқарларының ұрпақтарында өнімділік көрсеткіштері төмен болып, олардың селекциялық құндылығы жеткіліксіз екендігі анықталды. Бұл нәтижелер қошқарлардың генетикалық әлеуетін ерте кезеңде анықтау арқылы табындағы селекциялық іріктеуді жеделдетуге болатынын көрсетті.

Сонымен қатар, қозылардың ет өнімділігін зерттеу барысында 7 айлық жастағы малдардың сойыс шығымы, ұша сапасы және жұмсақ ет үлесі жоғары болғаны байқалды. Егіз туған қозылардың жеке салмағы төмен болғанымен, бір аналықтан алынатын жалпы ет өнімі жоғары болып, экономикалық тиімділігі басым екендігі анықталды. Ұша құрылымын талдау барысында бірінші сортты мүшелердің үлесі жоғары деңгейде қалыптасқаны анықталып, бұл зерттелген қойлардың ет сапасының жақсы дамығанын дәлелдеді.

Тәжірибе деректерін жинақтау үшін арнайы сойылған қой тұқымының 7 айлық бордақылаған

қошқарлары (n-3) бастан алып сойылған бұл зерттеу тәжірибе жұмысы институт қабырғасындағы мал корасында жүргізілді.

Кесте 9. 7-айлық қой ұшасының сорттары.

Мүшесіне байланысты етін сортау	Мүше саны	Салмағы, кг (M±m)	% шығымы
I сорт			
Жаурын	2	1,90±0,03	7,53
Сүбе	2	3,45±0,06	13,63
Белдеме	1	1,70±0,06	6,71
Құйрық	1	3,12±0,10	12,33
Жамбас	2	2,98±0,05	11,78
Орта жілік	2	2,15±0,03	8,52
5-ші кестенің жалғасы			
Асықты жілік	2	2,65±0,04	10,48
Барлығы	12	17,95±0,37	70,98
II сорт			
Омыртқа	1	1,47±0,03	5,83
Төс	1	1,31±0,05	5,20
Тоқпан жілік	2	1,19±0,03	4,68
Барлығы	4	3,97±0,11	15,71
III сорт			
Мойын	1	1,71±0,07	6,78
Кәрі жілік	2	1,18±0,05	4,70
Құйымшақ	1	0,46±0,09	1,83
Барлығы	4	3,35±0,21	13,31
Тұтас ұша	20	25,27±0,69	100,0
Іш майы		0,90±0,06	
Барлық ет майы		26,17±0,75	
Тірі салмағы		50,56±0,68	
Сойыс шығымы		51,7±0,21	

Жалпы алғанда, өндіруші қошқарларды ұрпағының сапасы бойынша ерте бағалау әдісі селекци-ялық жұмысты екі жылға дейін жеделдетуге, генетикалық тұрғыдан құнды малдарды дер кезінде ірік-теп алуға және шаруашылықтағы экономикалық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Осы әдісті тәжірибелік қой шаруашылығында кеңінен қолдану Қазақстан қой шаруашылығында асыл тұқымдық жұмыстардың сапасын арттырып, жоғары өнімді қой табындарын қалыптастыруға негіз болады.

REFERENCES

- Alpamysova G.B., Dauylbay A.D., Mussabekov A.T., Yelbayeva G.I., Yermekbayeva A.T., Daurenbekova K.P. (2026). Development of the Breed of South Kazakh Merino Sheep and Technological Parameters of Wool Quality. *Animal Husbandry and Aquaculture*. 2026. Vol. 2. № 1. Pp. 366–377. <https://doi.org/10.52578/3134-8572-2026-2-366-377>.
- Ombayev A.M., Beisheva I.S., Aryngaziev B.S., Omashev K.B. (2025). Growth and Development Characteristics of the Ordabasy Sheep Breed in the Zhetysay Region of Kazakhstan. *Izdenister, Natizheler (Researches, Results)*. 2025. № 4 (108). <https://doi.org/10.37884/4-2025/08>. [in Eng.].
- Orakbayeva A.D., Adylkanova Sh.R., Sadykulov T.S., Sansyzbayeva B.Q. (2023). Formation of Meat Productivity in Lambs of the Saryarka Fat-Tailed Sheep Breed (Intra-Breed Zhanaarkinsky Type). *Izdenister, Natizheler (Researches, Results)*. 2023. № 4. <https://doi.org/10.37884/4-2023/03>. [in Eng.].
- Mukanova L., Kırıkçı K., Sadykulova T., Baimazhiya Y., Zhumagaliyeva G., Adylkanova Sh. (2024). Effect of DGAT1 Gene Polymorphisms in Coarse-Haired Fat-Tailed Lambs of Different Genotypes. *Brazilian Journal of Biology*. 2024. Vol. 84. e285041. <https://doi.org/10.1590/1519-6984.285041>. [in Eng.].
- Islamov E.I., Kulmanova G.A., Kulataev B.T., Zhumanova A.I. (2021). A Genetic Basis for Improving the Reproductive Qualities and Productivity of South-Kazakh Merinoes. *Archives of Razi Institute*. 2021. Vol. 76. № 5. Pp. 1371–1380. <https://doi.org/10.22092/ari.2021.356168.1795>. [in Eng.].
- Torekhanov A.A., Zhumadillaev N.K. (2021). Etti Merinos – Kazakhstani Export-Oriented Meat Breed // *Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*. 2021. № 1. Pp. 146–151. [in Eng.]. <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1483.21>.
- Iskakov K., Kulataev B.T., Zhumagaliyeva G.M., Miqu P. (2017). Productive and Biological Features of Kazakh Fine-Wool Sheep in the Conditions of the Almaty Region – el Pares. *OnLine Journal of Biological Sciences*. 2017. Vol. 17. № 3. Pp. 219–225. <https://doi.org/10.3844/ojbsci.2017.219.225>. [in Eng.].
- Islamov E.I., Kulataev B.T. (2018). Increasing the Wool Productivity of South Kazakh Merino Ewes Bred in the Conditions of Batai-Shu

LLP. Scientific News in Agricultural Industry. 2018. № 2 (11). Pp. 355–359. [in Eng.].

Zhumagaliyeva G.M., Shynybayev D.S. (2014). Evaluation of Rams Based on the Quality of Their Offspring at an Early Age. Proceedings of the XXX International Scientific and Practical Conference “Innovations in Science”. 2014. № 2 (27). Part 2. P. 9. Novosibirsk. <https://sibac.info/conf/innovation/xxx/37093>. [in Eng.].

Zhumagaliyeva G.M., Shynybayev D.S., Dimov D.P., Anarbekova Dzh., Akimzhan N. (2015). Meat Qualities of Young Animals Obtained from Rams Used for Mating Ewes at an Early Age. Biosciences Biotechnology Research Asia. 2015. Vol. 12. № 1. Pp. 453–457. <https://doi.org/10.13005/bbra/1685>. [in Eng.].

Medeubekov K.U., Nartbayev A., et al. (2000). Guidelines for the Bonitation (Grading) of Fine-Fleece Sheep. Astana. 2000. P. 30. [in Eng.].

Lachari M.H., Tasawar Z. (2013). Genetic Potential of Lochi Sheep of Multan, Pakistan. Scientific Journal of Animal Science. 2013. Vol. 2. № 9. Pp. 253–264. [in Eng.].

Begimkul B.K. (2012). Biometrics. Almaty: Nur-Print. 2012. P. 36. [in Eng.].

Begimbekov Q.N., Torekhanov A.A., Baizhumanov A. (2015). Animal Breeding and Selection. Textbook. Almaty: Evero. 2015. 428 p. [in Eng.].

Жумағалиева Гулшад Махамбетовна — Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы.

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы — зерттеу, деректерді жинақтау, мақаланы жазу, материалды өңдеу.

Жумағалиева Гулшад Махамбетовна — тұжырымдама, жобаны басқару, редакциялау.

Кадыкен Ризабек — әдістеме, бақылау, әдебиетке шолу.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы»
КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

29.08.2026 ж.